



# Ақмешіт

14 мамыр  
сенбі

№38 (1843)

2022 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



THE WALL STREET JOURNAL

### Финляндия НАТО-ға кіруге үмітті

Бейсенбі күні Финляндия президенті мен премьер-министрі елдің НАТО-ға мүше болу ұсынысын қолдайтындарын айтты. «Солтүстік Атлантикалық Ұйымына қосылу Финляндияның оңдаған жыл бойы жүргізген бөлек қорғаныс саясатынан бас тартып, Ресей президенті Владимир Путиннің Батыс альянсын бозды және әсірету иретіне соққы береді», – деп жазады The Wall Street Journal басылымының тілшісі Суне Энгель Расмуссен.



Тілшінің «Фин басшылары НАТО құрамына кіруге қолдайды» атты мақаласында Ресейдің әскеріне қарамастан Финляндия мен Швеция алдағы аптада НАТО-ға кіруге өтініш білдіру мүмкін екені жазылған. Бұл екі ел бұған дейінгі онжылдықта альянс қатарына кірмеген батыс елдерінің бірі еді.

«НАТО-ға мүше болу Финляндияның қауіпсіздігін нығайтады», – деді президент Саули Ниинисте. Ал премьер-министр Санна Марин: «НАТО мүшесі ретінде Финляндия бүкіл қорғаныс одағын нығайтады. Финляндия араға көп уақыт салмай НАТО-ға мүшелікке өтініш беруі керек. Бұл шешімге жету үшін қажетті ұлттық қадарлар алдағы бірнеше күнде тез қабылданады деп үміттенеміз», – деді.

Бұл мәлімдемеден кейін Кремль Финляндияны өз территориясын Ресеймен «әскери текетіреске» айналдырды деп айтпаған. «Ресей бұл шешімге байланысты өзінің ұлттық қауіпсіздігін төнетін қатерді тоқтату үшін әскери-техникалық және басқа да сипаттағы жауап шараларын қабылдауға мәжбүр болады», – деді Ресейдің Сыртқы істер министрі.

Ал НАТО-ның Бас хатшысы Йенс Столтенберг Финляндияның мүшелігін қолдайтынын айтты, елдің альянстың ең жақын серіктестерінің бірі деп атады. «Егер Финляндия өтініш берсе, НАТО елді жылы шыр аймен қабылдайды және қосылу процесі мейлінше жылдам өтеді», – деді ол.

Ақ үйдің баспасөз хатшысы Джен Псаки де бейсенбі күні АҚШ Финляндия мен Швецияның НАТО-ға мүше болу ұстанымын қолдайтынын айтты.

Соғыстан кейін НАТО-ға қосылған 14 елден екі елдің айырмашылығы – олардың барлығы бұрын альянстың қарсыласы болды және оның стандарттарына айтарлықтай бейімделуді қажет етті. Финляндия мен Швецияда қазіргі өзінде озық әскерлері, жақсы дайындалған қарулы күштері және дамыған қару-жарақ өнеркәсібі бар ел саналады. Финляндия бүгінде НАТО-ның жалпы ішкі өнімнің 2 процентін қорғанысқа жұмсау ережесіне сай келеді және шамамен 1500 бірлікпен Батыс Еуропадағы ең үлкен артиллериялық күшке ие. Швециядағы әскери шығындар НАТО жоғарынан төмен, бірақ бұл ел жақында шығындар жоғары арттырды және әлемдегі озық жойғыш ұшақтар мен суасты қайықтарын шығаратын санаулы елдердің бірі атанды.

Финляндияның қосылуы НАТО-ның Ресеймен құрлықтағы шекарасын шамамен екі есе ұлғайтады. Ал Швеция Балтық теңізіндегі ресейлік флотпен бірнеше рет қақтығысып үлгерді. Екі елдің мүшелігі Ресей мен НАТО арасындағы шиеленісті күшейтсе де, Мәскеуден келетін қауіптен күресудегі одақтың ұжымдық тәжірибесін толықтырмақ.

Соғыстан кейінгі Финляндия НАТО-ның жақын серіктесіне айналды. Бірақ финдер мен елдегі шешім қабылдаушылар көбіне Ресейді арандатудан аулақ болу үшін әскери тұрғыдан альянсқа қосылмады.

Украинадағы соғыс басталғаннан кейін Финляндия қоғамында НАТО-ға мүше болуды қолдайтындар саны 20 проценттен 53 процентке өскен. 9 мамырда бұл көрсеткіш 76 процентке жетсе, президент қолдауынан кейін 82 процент НАТО-ға мүше болу туралы шешімге қолдау білдірген.

«Мен 1970 жылы Парламентке алғаш рет сайланғаннан бері мұндай маңызды шешімнің соншалықты жылдам қабылданғанын көрген емеспін», – деді 11 жыл бойы елдің сыртқы істер министрі болған және қазіргі Финляндия парламентінің сыртқы істер комитеті төрағасының орынбасары Эркки Туомийо.

Ал НАТО-ға мүше болуды бұрыннан қолдап келген парламенттік Жасыл лиганың төрағасы Атте Харьянна «Біз мұны ұзақ уақыт бойы талқыладық, бірақ НАТО-ға мүшелік болуға қарсы дәлелдер қазір жоқ. Сондықтан уақытты босқа өткізбей, тез шешім қабылдау керек», – деді.

Финляндия НАТО-ға қосылу процесі жылдам болады деп үміттенетіндерін айтады. Себебі Финляндия шешім қабылдағанын жариялаған кезде ұйым бұл өтінішті ұзақ қарастырса Мәскеудің қаһарына ұшырауы мүмкін.

Ұлыбританияның премьер-министрі Борис Джонсон сәрсенбіде Хельсинки мен Стокгольмге барып, жаңа қауіп-қатерге қарсы Солтүстік Еуропаның қауіпсіздігін нығайту және қорғанысын күшейту туралы декларацияға қол қойды. Бұл туралы Ұлыбритания үкіметі мәлімдеді. Бұл декларациялар Ұлыбританияға әскери қауіптерге қарсы тұру, сондай-ақ барлау және жаңа технологияларды, соның ішінде киберкеңістіктегі ақпаратты жинау үшін скандинавиялық серіктестермен тығыз жұмыс істеуге мүмкіндік бермек.

Сәрсенбі күні Кремльдің баспасөз хатшысы Дмитрий Песков «Мәскеу біздің шекараларымыздағы альянстың конфигурациясын қандай да бір жолмен өзгерте алатын әрекеттермен байланысты барлық нәрсені мұқият қалағалап отыр», – деді. Ал Финляндияның қорғаныс министрі Антти Кайкконен Хельсинки Ресейдің «қандай да бір реакциясына» қарамастан өз шешімдерін қабылдайтынын айтты. «Олар бізге тікелей қауіп төнетінін айтқан жоқ. Олар қандай да бір реакция болатынын айтты, бірақ мен бұл тікелей қауіп төндірді деп айта алмаймын», – деді Кайкконен.

### ■ МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

## НЕСИЕ НЕСІБЕ ЕМЕС

Жайлы үйде тұрып, қымбат көлік мінгізіп келеді-ақ. Қолда айфон болса, тойды дүркіретіп өткізсек. Бүгінде санамызды осы ойлар жаулап алған. Қаражат жетпейді деп қорықпаймыз. Сенімді серігіміз бар. Ол әрине – банк. Қомақты қаржыны бергеніне мәзбіз. Тіпті банк несие берсе қуанамыз. Қайтарудың қамын ойламаймыз.



Қаншама адам несие алып жатыр. Бірақ сол несиеді алған үстіне көбейтпесе сол арқылы байып кеттім дегендерді естіген емеспіз. Екі адамның басы қосылса, несиеден төлеуге қаржы таппай жүргенін айтады. Бұл – бүгінгі күннің шындығы.

Парламент Мәжілісінде ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова «банктерде жеке тұлғаларға қатысты 6,2 млн адамның несиесі бар, – деп айтты өтті. Оның ішінде барша банк пен микроқаржы ұйымын, сондай-ақ банктердің коллекторларға сатқан қарыздарын қамтыса, онда 1,5 млн-ға жуық қарыз алушының проблемалы несиесі бар екені анықталған. Яғни зақастандықтардың банк алдындағы қарыздарының көптігі үлкен мәселеге айналып келеді. Қаржы мәселесі бүйірден қысқанмен, «алмақтың да салмағы бар» қалай болғанда да банкке қарызды қайтару қажет.

Қоғамдағы қымбатшылық, бәсекелестік жұртты несиесіз отырмайтындай жағдайға жеткізді.

– Банк ақшаны тегін беретіндей алатынымыз шындық. Алғаш рет ұлым үйленгенде алдым. Екі жылда төлеп болдым. Зейнетақымыз несиеге беремін. Одан кейін машина алу үшін тағы несие алуға тура келді. Ұялы телефонға сізге несие алуға мүмкіндік бар деген хабарлама келген сайын, банкке аяқ тартады. Солай түзелетін етіп, несие алып ұлыма машина алдым. Дегенмен алған қаражатты мақсатты түрде жұмсадым деп айта аламын. Банкке қарыз болған емеспін. Ай сайын уақытылы төлеп отырамын. Қатты киналған кезде несиеден де пайдалы тиеді. Тек уақытында төлеп, пайызын өсіріп алмасаң болғаны. Қазір жалақыдан қаржы жинауға да мүмкіндік жоқ. Сондықтан қарапайым халық банкті сенімді серігі етіп, несие алып, оны жауып күн көріп отыр. Бұл – шындық. Қазіргі уақытта бөліп төлеуге тауарларды да алуға болады. Енді осы несие азайса, сол бөліп төлеу арқылы үйге жиің алуы жоспарлап жүрмін, – дейді зейнеткер Базархан Әжей.

2 БЕТТЕ

### ■ БІЛІМ БӘСЕКЕСІ

Санаулы күндерден кейін биылғы мектеп бітірушілердің білім деңгейін анықтайтын ұлттық бірнәсіз тестілеу басталады. Он бір жылдық жиган ілімнің нәтижесі нақтыланады. ҰБТ – әрбір жас тұлғаның жаңа өмір жолындағы алғашқы асуы болса, білім ошақтары үшін бәйге. Бағы жанғандарды анықтайтын сын сағаты жақындаған сайын ЖОО-ға түсуге талпынған ақ қанатты армандардың жүрегі лүпілдеп, көңілдері елендеп бір мазасыз күйге түсетіні мәлім.



## ҰБТ-ға дайынсың ба, жас түлек?

Аймағымыздағы мектептер бойынша осы оқу жылын 8 мыңға жуық оқушы бітіреді. Олардың ішінде 7508 түлек ҰБТ-ға қатысады деп күтілуде. 14 мамырға дейін Ұлттық бірнәсіз тестке өтініш жасау электронды форматта қабылданады. ҰБТ және барлық деңгейдегі олимпиадалар электронды форматта көшірілген. Облыстық білім басқармасы басшысының сөзіне сүйенсек, мұның ең басты артықшылығы барлық процестің ашықтығы мен азаматтарға қолайлы жағдай жасалуында.

– ҰБТ-ға өтініштердің басым көпшілігін электронды форматта тапсырылуы азаматтар арасында сұранысқа ие болды. Өтінішті қабылдау 28 сәуір мен 14 мамыр аралығында app.testcenter.kz сайтында жүргізілді. Биыл түлектерге тест тапсыруға және грантка түсуге екі мүмкіндік беріледі. Яғни тек бір бейіндік

пәндер комбинациясын таңдай алады. Пәндердің санында өзгеріс жоқ. Ең жоғарғы ұпай саны – 140. Түлектердің сынаққа дайындалуы үшін Ұлттық тестілеу орталығының тегін онлайн-сынақ тестілеуі іске қосылған. Сонымен қатар Ұлттық тестілеу орталығымен бірлесіп әзірленген білім беру орталықтарының тегін онлайн сабақтары жалғасып жатыр. Ал ерекше білім беруді қажет ететін таләпкерлерге қолайлы жағдай жасалады. Олар үшін алғаш рет негізгі 240 минутқа қосымша тағы 40 минут берілді. Сонымен бірге олар үшін тест нұсқалары суреттерсіз, диаграммаларсыз және сызбаларсыз әзірленген, – дейді облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Бактыбайқызы.

Ескеретін жайт, академиялық адалдықты сақтау үшін талапкерлердің тест нұсқасы таңбалауы.

Айтқалқын АЙТЖАНОВА

### ■ ЖОЛСАПАР



3 БЕТТЕ



## КОНСТИТУЦИЯҒА ЕНГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУЛЕР БОЙЫНША БАҒЫТ-БАҒДАР

Ерлан ҚАРИН,  
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ата Заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобасы бойынша биылғы 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды.

Конституциялық реформа – Президенттің наурыз айындағы Қазақстан халқына Жолдауында айтылған саяси реформалар бағдарламасын жүзеге асыру үшін қолға алынған маңызды іс-шара.

Конституциялық түзетулер жобасы азаматтардың сұранысына негізделген және бүкіл қоғамның мүддесі үшін жүзеге асырылmaq. Ата Заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобасын белгілі заңгер-құқықтанушылар және конституциялық құқық саласының мамандары әзірледі. Оған Конституциялық Кеңес оң бағасын берді.

Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың бәрі өзара байланысты және бір мақсатты көздейді. Атап айтқанда, мынадай үдерістерге құқықтық негіз қалыптастыруға арналған:

Суперпрезиденттік басқару үлгісінен президенттік республикаға түбегейлі көшу;

Біріккен билік өкілеттігін қайта бөлу; Парламенттің ролін күшейтіп, мәртебесін арттыру; Елді басқару ісіне халықтың қатысуы мүмкіндігін кеңейту; Азаматтардың құқықтарын қорғау тәсілдерін жетілдіру. «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы республикалық баспасөзде 6 мамыр күні ресми түрде жарияланды.

Конституцияның қазіргі және жаңа нұсқаларының айырмашылығын түсіну, ұсынылып отырған көптеген түзетулердің бағытына бару мұндай істен хабары аз адам үшін қиындық туғызатыны анық.

Сондықтан жұртқа ұғынықты болу үшін бұл түзетулер Ата Заңның нақты баптары мен тармақтары көрсетілген бірнеше бөлікке бөлінген.

Суперпрезиденттік басқару үлгісінен президенттік республикаға түбегейлі көшу

Конституциялық реформа биік тармақтары арасындағы қарым-қатынастың тепе-теңдігін және оңтайлы болуын қалыптастырады. Сондай-ақ президенттік институттың барынша дербес болуын қамтамасыз етеді.

Ата Заңымыздың 43-бабына 3-тармақ қосылады. Онда Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде саяси партияда болмауға тиіс деп көрсетіледі. Осы логикаға сәйкес Конституциялық Соттың, Жоғарғы Соттың және өзге де соттардың төрағалары мен судьяларына, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғарғы аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелеріне де осындай тыйым салынады (Конституцияның 23-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы). Соның нәтижесінде саяси бәсеке артып, барлық саяси партияны дамытуға бірдей жағдай қалыптасады, дербес өріс алды шешім қабылдауға жол ашылады.

Мемлекет басшысы барлық азаматқа тең мүмкіндік берілуінің мызғымас кепілі болуға тиіс. Сол себепті Конституцияның 43-бабына 4-тармақ қосылады. Онда «Президенттің жақын тұстары мемлекеттік саяси қызметшілердің, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қызметтерін атқаруға қақысы жоқ» деп көрсетіледі.

Жұмыс тобы мүшелерінің ұсынысы бойынша Тұңғыш Президенттің Президент лауазымына қатырған екі реттен көп сайлануына мүмкіндік беретін баптың (Конституцияның 42-бабы 5-тармағының жаңа редакциясы), сондай-ақ Тұңғыш Президенттің мәртебесі мен өкілеттіктері Конституциямен және конституциялық заңмен айқындалатыны туралы 46-баптың 4-тармағы Ата Заңнан алынып тасталмақ.

Конституцияның 91-бабынан Тұңғыш Президенттің төуелсіз Қазақстанның негізін салушы деген мәртебесі туралы норма алынып тасталады (Конституцияның 91-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Конституциялық реформаның нәтижесінде тиісті аумақтағы ахуалға жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдардың жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару өкілеттіктері кеңейеді.

Жобадан Президенттің облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдері актілерінің күшін жоюының не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұратыны туралы құзыретін жою көзделген (Конституцияның 44-бабы 3) тармақшасының жаңа редакциясы).

Сондай-ақ Президенттің аудан, қала, ауылдық округ әкімдерін лауазымынан босату туралы құзыретін алып тастау көзделген (Конституцияның 87-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы).

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдерінің құзыретке ие болу тәртібі де едәуір өзгереді.

Конституцияның 87-бабы 4-тармағының жаңа редакциясына сәйкес енді оларды Президент облыс аумағында орналасқан мәслихат депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихат депутаттарының келісімімен тағайындайды.

Бұл ретте Мемлекет басшысы кемінде екі кандидатура ұсынып, дауысқа салады. Дауыс беруге қатысқан депутаттардың көпшілігін дауысына ие болған кандидат келісім алған болып саналады.

Осылайша жергілікті билікке қатысты Президенттің өкілеттігі азайып, ол мәслихаттардың ролін айтарлықтай арттыру арқылы өңірлік деңгейдегі әкімдердің қолына жинақталады.

2 БЕТТЕ

4 БЕТТЕ

# КОНСТИТУЦИЯҒА ЕНГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУЛЕР БОЙЫНША БАҒЫТ-БАҒДАР

## Бірақтар билік өкілеттігін қайта бөлу

Сенаттағы Президент квотасының саны 15-тен 10 депутатқа дейін азаяды. Оның бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясы ұсынады (Конституцияның 50-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Сенаттың өкілеттігі бірқатар құқықтармен толығады. Атап айтқанда, Сенат Президент енгізетін Конституциялық Соттың және Жоғары Сот Кеңесінің төрағалары лауазымына кандидаттарды келісу құқығына ие болады (Конституцияның 44-бабы 4) тармақшасының, 55-бабы 2) тармақшасының және 82-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы).

Жалпы, Конституциялық Сот (қазіргі Конституциялық Кеңестің орнына) құру арқылы конституциялық бақылау жасау институты жаңғыртылады.

Конституциялық Сот 11 судьядан тұрады (қазіргі Конституциялық Кеңестің 7 мүшесі бар).

Конституциялық Соттың құрамы мынадай тәсілмен жасакталады: 6 судьяны Парламент (Мәжіліс пен Сенаттың әрқайсысы 3 судьядан), 4 судьяны Президент тағайындайды. Конституциялық Соттың төрағасын жоғарыда айтылғандай Сенаттың келісімімен Президент тағайындайды (Конституцияның 57-бабы 1) тармақшасының, 58-бабы 3-тармағы 7-тармақшасының және 71-бабының жаңа редакциясы).

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Жоғары аудиторлық палата болып өзгереді. Оның төрағасы жылына екі рет Мәжіліс депутаттарының алдында есеп береді (Конституцияның 53-бабы 2) тармақшасының жаңа редакциясы, 56-бабы 1-тармағындағы 3-1) жаңа тармақшасы).

«Мемлекеттік хатшы» институты «Мемлекеттік кеңесші» институты болып өзгереді (Конституцияның 44-бабы 19-тармақшасының жаңа редакциясы). Ол Мемлекет басшысына ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеумен айналысады.

## Парламенттің ролін күшейтіп, мәртебесін арттыру

Конституциялық реформаның нәтижесінде биліктің заң шығарушы тармағы айтарлықтай өзгереді. Соның арқасында Парламенттің және оның палаталарының ролі едәуір күшейіп, мәртебесі артады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Президент Конституциялық Соттың және Жоғары сот Кеңесінің төрағаларын тағайындау үшін Сенаттың келісімін алады. Сондай-ақ Президент Сенатқа 15 емес, 10 депутат тағайындайтынын айттық. Оның 5-еуі Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша тағайындалады (Конституцияның 50-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Осы орайда Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжілістегі квотасы Сенатқа беріледі. Оның саны 9-дан 5 депутатқа қысқарады. Соған сәйкес Мәжіліс депутаттарының жалпы саны 107-ден 98-ге азаяды (Конституцияның 50-бабы 3-тармағының жаңа редакциясы).

Мәжіліс депутаттары аралас сайлау жүйесімен, яғни пропорционалды және мажоритарлы жүйе бойынша сайланады (Конституцияның 50-бабы 3-тармағының жаңа редакциясы). Аралас сайлау жүйесі барлық азаматтың құқықтарын толық сақтауға, сайлаушылардың мүддесін қорғауға мүмкіндік береді.

Сайлаушылардың бір мандатты сайлау округі бойынша сайланған Мәжіліс депутаттарынан мандатты кері қайтарып алу құқығы енгізіледі (Конституцияның 52-бабы 5-тармағының жаңа редакциясы). Соның нәтижесінде демократия дәстүрлері нығая түседі, депутаттар мен сайлаушылардың арасында өзара жауапкершілік пен сенімге негізделген жаңа саяси мәдениет қалыптасады.

Мәжілістің құзыреті кеңейіп, республикалық бюджеттің атқарылу сапасына парламенттік бақылау күшейеді. Ол үшін бұған дейін айтылғанымыздай, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Жоғары аудиторлық палата болып қайта құрылады. Оның төрағасы жылына екі рет Мәжіліс депутаттарының алдында есеп береді (Конституцияның 53-бабы 2-тармақшасының жаңа редакциясы, 56-бабы 1-тармағының 3-1) жаңа тармақшасы). Бұл Мәжілістің және жалпы Парламенттің мәртебесін одан әрі күшейте түседі.

Саяси жүйеде тепе-теңдік және тежелік тетіктерді нығайту және заң шығару жұмысын оңтайландыру мақсатында Мәжіліске заңдарды қабылдау (бұрын заң жобаларын қараған және мақұлдаған), ал Сенатқа заңдарды мақұлдау мен мақұлдамау (бұрын заңдарды қабылдаған) құзыреті беріледі (Конституцияның 61-бабы 4 және 5-тармақтарының және 62-бабы 5-тармағының жаңа редакциясы).

Парламент конституциялық заңдарды Палаталардың бірлескен отырысында, кемінде екі оқылымда қабылдайтын болады (Конституцияның 53-бабының жаңа редакциясы).

Айрықша қажеттілік туындаса, заңдарды жедел қабылдау тәртібі енгізіледі. Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті сақтауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Үкіметтің заң шығару бастамасы арқылы енгізілетін заң жобалары Парламент Палаталарының бірлескен отырысында шұғыл қаралады. Бұл заң жобаларын қарау кезінде Үкімет заң күшіне бару уақытына құқықтық-нормативтік актілер қабылдай алады (Конституцияның 61-бабы 2 және 3-тармақтарының толықтыруы).

Бұл тәсіл елге төтенге қауіп-қатердің бәтін қайтару үшін билік тармақтарының бірлескен әрі шұғыл жұмысын үйлестіруге қажет. Оны қалыптасты, күнделікті жұмыс барысында қолдануға болмайды. Бұл үдеріс Парламент депутаттары мен Үкімет мүшелерінің өзара жауапкершілікке негізделген қарым-қатынасы арқылы іске асады.

## Елді басқару ісіне халықтың қатысу мүмкіндігін кеңейту

Негізгі Заңда жер және жер қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі екені жайындағы норма нақты және кесімді түрде бекітілген. Мемлекет құқығын халықтың атынан мемлекет жүзеге асырады (Конституцияның 1-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Жоғарыда айтылғандай, Мәжіліс депутаттарын аралас сайлау жүйесімен: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағында пропорционалды жүйе бойынша, сондай-ақ бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайлау ұсынылады (Конституцияның 50-бабы 3-тармағының және 51-бабы 1-тармағының жаңа редакциясы). Сондай-ақ бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша сайланған Мәжіліс депутаттарының мандатын кері қайтарып алу мүмкіндігі пайда болады (Конституцияның 52-бабы 5-тармағының жаңа редакциясы).

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін Президент өңірдің (қаланың) мәслихаттарының барлық депутаттың келісімімен және баламады негізде (кемінде екі кандидатура ұсынылады) тағайындайтын болады (Конституцияның 87-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы). Осылайша, белгілі бір өңірдің дамуына жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асыратын мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару ісіне берілетін кепілдік нығая түседі.

## Азаматтардың құқықтарын қорғау тәсілдерін жетілдіру

Жоғарыда баяндағанымыздай, Конституциялық Кеңес Конституциялық Сот болып қайта құрылады. Конституциялық Сот азаматтардың өтініштері бойынша олардың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің Респубика Конституциясына сәйкестігін қарайтын болады (Конституцияның 71-74-баптарының жаңа редакциясы).

Өлім жазасын жою туралы шешім конституциялық деңгейде түпкілікті бекітіледі (Конституцияның 15-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Прокуратураның құзыреті, оның жасақталуы мен қызмет тәртібі Конституциялық заңмен белгіленеді (Конституцияның 83-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы). Бұл құқық қорғау қызметінің жүйелі жұмыс істеуін және заңда белгіленген тәртіпке сәйкес мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуын қадағалауды күшейтуге тиіс.

Конституцияның жаңа 83-1-бабының нормалары Адам құқықтары жөніндегі уәкілге иммунитет береді. Ол азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау кезінде қандай да бір өзге мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға тәуелді болмайды, ешкімге есеп бермейді. Ол өз жұмысында Конституциялық Сотқа жүгіне алады. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесі мен қызметін ұйымдастыру Конституциялық заң арқылы айқындалады.

Осылайша, конституциялық реформа азаматтардың елді басқару ісіне қатысу мүмкіндігін арттырады және саяси үдерістерді шын мәнінде демократияландырады деп толық сеніммен айта аламыз.

## Басы 1-бетте



Қоғам қайраткері, Қазақстан мен Орта Азия жастарының жалынды жетекшісі Фани Мұратбаев

Қазақстан мен Орта Азия жастарының жалынды жетекшісі, Шығыс жастарының ұйымдастырушысы болған белгілі қоғам қайраткері Фани Мұратбаев есімі елге жаңа емес, әлемге белгілі. Быыл Ганидай даңқты жерлесіміздің өмірге келгеніне – 120 жыл.

Шығыс жастарының жалынды жетекшісі Фани Мұратбаев Қазақтың қасиетті топырағында, қазіргі өзінің атымен аталатын ауылда Мұратбай болыс шағарында 1902 жылы 3 маусымда дүниеге келген.

## Ғ. МҰРАТБАЕВ – 120

Кенес дәуірі кезінде «Ғани жарлы-жақбай отбасында дүниеге келді» деп жазылып жүрді. Алайда Қазалының көнеқоқ қариялары мен шежірешілерінің айтуынша, Мұратбай ұзақ жылдар бойы болыс болып, ел билеген парасатты адам. Бұл шындық тәуелсіздік алғалы ашық айтыла бастады.

Өмір талқысына қаршадайынан араласқан бала сергек те зерек бол-

арасында комсомол ұйымын құрып, 1920 жылы Ташкентте қазақ жастарының клубын ашу арқылы танылады. 1921 жылы ол Түркістан комсомолы Орталық комитетінің 1-ші секретары қызметінде жүріп, комсомолдың одақтық IV съезіне делегат болды. Фани Мұратбаев съезде Орталық комсомол комитетінің пленум мүшесі болып сайланады. Осы съезде оған «КСРО теніз

## ЖАРЫҚ ЖҮЛДЫЗ

ды. Ол «каналушы кім, қанаушы кім» екенін бес саусағындай біле өтті, кедей шаруа балаларының теңдікшіл, жарасымды өмірін аңсады. Елдің екі жақ боп, ешнәрсеге көзі жете қоймаған төңкерісті толқынды осы кезеңінде Ганидың алғашқы демократиялық көзқарасы оянд.

Білімге құмартқан жас Ғани 1918 жылы Қазалыдан Ташкентке келіп, қазақ-қырғыз педагогикалық училищесіне оқуға түседі. Бұл училище 1920 жылдан бастап Халық ағарту институты болды. 1919 жылы Фани Мұратбаев жастар ұйымына мүшелікке қабылданады. Міне, осы күннен бастап Ганидың жалынды өмірі жастар ұйымымен тығыз байланыста өтті. Ташкентте оқыған жылдары жалынды жас Ганидың есімі қазақ, өзбек, тәжік, түрікмен, қырғыз, ұйғыр, қарақалпақ секілді бұл кенестік шығыс жастарының арасына кеңінен танылып қалған болатын. Ол Ташкенттегі қазақ-қырғыз институтының студент жастары

флотының құрметті теңізшісі» деген атақ берілді.

Ғ.Мұратбаевтың еңбекшілердің жұмысын-шаруа жастары мүддесі жолындағы адал да қажырлы еңбегі әр уақытта лайықты бағаланып отырды. Хорезм Кеңестік Социалистік республикасы Орта Азия коммунистік Жастар ұйымына басшылық етіп тәрбие жұмысын ойдағыдай жүргізгені үшін оны «Еңбек Қызыл Ту» орденімен нағралданды. Ғ.Мұратбаев 1922 жылы Самарқан өлкелік комсомол комитетінің, кейін Түркістан Республикасы комсомол ұйымы орталық комитетінің бірінші хатшысы болып сайланады. Ол Ташкентте «Жас Алаш» газетінің редакциясын ашып, оның тұңғыш редакторы болады. 1923 жыл Ташкентте жетім балалар үшін бірнеше балалар үйін ашуға қатысады. 1924 жылы Коммунистік жастар интернационалының атқару комитетінің шығыс жастары бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады.

1919-1925 жылдардағы жастарға тәрбие, білім беру, оларды мәдениетті, білікті қалр ету мәселелерінің бәрі де Ғани есімімен, істерімен тығыз байланысты. Ол Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген ұлттардың тарихын, мәдениетін, әдебиетін мен этнологиясын, салт-дәстүрін, музыкасын жете білді, терең түсінді.

Ғани Түркістан республикасы секілді көпұлтты, қалыптаспаған өлкенің комсомол ұйымын басқарумен қатар түрлі қоғамдық жұмыстарға қазақәдебиетін, мәдениетін дамытуға елеулі үлес қосты. Қазақ халқының аңыздары мен ертегілерін, өлеңдері мен әндерін жинақтап, қазақтардың 1500-енін нотаға түсіріп, бастырып шығарған.

Жалынды жастың жарқын өмірі бүгінгі және ертеңгі жас ұрпаққа қашанда үлгі-өнеге. Орта Азия жастарының қошбасшысы Фани Мұратбаевтың есімін мәңгі жаңғырту мақсатында 1981 жылы 13 мамырда Қазалы қаласында Ғани Мұратбаевтың өмірі мен қызметін бейнелейтін мемориалдық мұражайды ашу туралы облыстық Кеңесі атқару комитетінің шешімі шықты. Бұл мұражай 1999 жылы Фани Мұратбаев атындағы Қазалы тарихи-мемориалдық мұражайы болып қайта құрылды. Қаланың ортасындағы қарағай там қашанда Ғанидің көзі болып көрінері анық. Ганидың танығысы, ол өмір сүрген уақытты білгісі келген әрбір адамның осы мұражайдан көп мағлұмат алары сөзсіз.

Бүгінде Қызылорда қаласындағы орталық стадион, көше, оқу орны,

Қазалы ауданындағы ауыл және Қазалы қаласындағы №17 орта мектеп Фани Мұратбаев есімімен аталады.

Архив қорындағы қалалық атқару комитетінің 1958 жылғы 25 тамыздағы №316 шешімімен №171 орта мектепке, облыстық Кеңесі атқару комитетінің 1986 жылы 22 қаңтардағы №20 шешімімен Қызылорда теміржол көлігі техникумына, қалалық атқару комитетінің 1992 жылғы 1 қаңтардағы №12 шешімімен Н.Гоголь көшесіне Ғани Мұратбаевтың есімі берілгендігі туралы құжаттар, Ғ.Мұратбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай шыққан «Қазақтың жарық жұлдызы», «Өнегелі өмір, өшпейтін рух», «Ғани Мұратбаев-100 жыл», «Ғани – 100 жыл» атты кітаптары, баспасөз бетіне жарияланған мақалалары сақтаулы.

Ғ.Мұратбаев өмірінің соңғы жылдары Коммунистік Жастар Интернационалы атқару комитетінің Шығыс елдері жастар арасындағы жұмыс бөлімінің меңгерушісі болды. Жастардың болашағы үшін ғұмырын сарп еткен қоғам қайраткері 1925 жылы 15 сәуірде Мәскеуде қайтыс болды.

Ғани Мұратбаевтың өмірі мен қызметіне негізделген тарихи құжаттар архив қорында сақтаулы. Сол құжаттармен танысқан әрбір азамат Ганидың ұйымдастырушылық, іскерлік, даналық, қамқорлық істеріне тәнті болып, оған құрметпен бас иетіні сөзсіз.

Аманжол ҚАШАНОВА, облыстық мемлекеттік архивтің II санатты археографы

# НЕСИЕ НЕСІБЕ ЕМЕС



Бұл қоғамдағы бір кісінің басындағы ғана жай емес. Ай сайын несиеге ақша таппай жан бағып жүргендер қаншама. Бірі жүйелі мақсатпен алса, екіншісі алған қаржыны есепсіз жұмсап қояды. Қарапайым сөзбен айтқанда, халық тоналып жатыр. Ешкімнің қалтасына қол салып, амыянын тексерген емеспіз. Сөздің шындығын айтсақ, қарапайым халық білместікпен несие алып, 2-3 еселен қайтарып жатыр. Енді несиеге жоламысың деп сан соғып жүргендер де бар. Сондықтан да мамандардан кеңес сұрап, несие алады дегеле жаратысын деген өмір пікірлерін ұсынғанды жөн көрдік.

– Қазіргі уақытта халық арасында несие, қаржылық сауаттылық төмен болып тұр. Оны тұтынушы несиегердің көптігінен байқауға болады. Қарапайым халық машинаға, үйге несие арқылы көл жеткізуде. Дегенмен халық тұтынушы несиемен процентіне мән бермейді. Яғни зерттемейді. Жылдық өсім ол туралы ақпарат іздемегендіктен банкрот жоғары процентті қойып тастап отыр. Сондықтан халықтың қаржылық сауаттылығының төмендігі кері әсерін тигізбей қоймайды. Жалпы қаржылық сауаттылықтың төмен болуы – халықтың әлауқатының төмен болуынан деп көрсетуге болады. «Өйткені қарапайым халықта көп қаржы көп болғандықтан, қандай қаржыны басқару керек?» – деген сұрақ пайда болады. Осындай жағдайдан халықтың әл ауқатымен жұмыс істеуге арналған бағдарламалардың өз нәтижесін бермей жатқанын байқауға болады. Тұтынушы несие болсын, ақшалай болсын қарапайым халық тәуелді болып отыр. Сондықтан мүмкіндігінше тұтынушы несие болсын, ақшалай болсын аса қатты тәуелділік болмаса алмаған дұрыс. Тойға, дүниеге несие алып боса ша- шылмаған жан дер едім. Осы тұрғыда айта кететін жайт, соңғы уақытта халықтың несиесі кешпірліме деген сұрақтар көп-

тің көкейінде жүр. Маман ретінде айтарым, халықтың несиесі кешпірлісе банктерге қиын болады. Банк ешкімді мәжбүрлеген жоқ. Халық оны өзі алды. Несиемен кешпірліу мемлекет үшін қате бағыттардың бірі, – дейді экономист Нұрмұхамед Маманов.

Қазақта: «Көтере алмайтын шоқпарды беліне байлама» деген сөз бар. Олай болса, несие рәсімдердің алдында қаржылық мүмкіндіктерді саралап, салмақтап алу аса қажет. Қаржыгер Алдияр Саматов банкке жүгінетін тұрғындар несие аларда оның келісім-шартын мұқият оқып шыққаны дұрыс дегенді айтады. Расында да, осы бір шартты қағазды оқымағандықтан, түсінбеушілік туындап, жағдай ұшығып жататыны анық. Қаржыгер әрбір адам ерікпеннен несие алмайтынын, ал алуға зору болған жағдайда өз жағдайыңды толық жоюға уәдесін беріп қояды. Яғни несиемен төлей алатындай тұрақты табыс болу қажет. Қарызға белшенде батпау үшін әр адам шамасына қарай іс жасау керектігін ұғындырды.

– Ұлттық банк базалық мөлшерлемені жыл басынан бері 9,75% -тен қазіргі уақытта 14%-ке дейін өсірген болатын. Базалық мөлшерлеме өсті дегеніміз Ұлттық банктің басқа да екінші деңгейлі банктерге беріп жатқан несиесінің өскенін көрсетеді. Яғни екінші деңгейлі банктердің халыққа беретін проценті өседі. Халыққа дәл қазіргі уақытта несие алған тиімсіз болып табылады. Сондықтан барынша ақша жинақтаған тиімді. Несие алар алдында кез келген азамат табысы мен шығындарын есептеу қажет. Алған қаржыны уа-

қытында төлей ала ма? Нақты қандай мақсатта алып жатыр? Келісім-шартты дұрыстап оқу керек. Қазір келген несие келісім-шартта 56% -тен аспауы қажет. Негізгі көп адам үсті-үстіне еселеп алып, несиемен көбейтіп алады. Сондықтан кез келген адам несие аларда оны төлей алатындай мүмкіндігі бар ма? Соны ойлауы қажет. Тұрасын айтқанда қарапайым халыққа қаржылық сауаттылық керек-ақ. Банктің келісім-шартын оқымай қуанып көл қойып, 2-3 есе артық төлегенде сан соғып қалатындар бар. Сол үшін де банк шартын толықтай оқып, қол қоярда мұқият болған жөн, – дейді қаржыгер Алдияр Саматов.

Яғни банкке бармай тұрып, «жәті рет өлшеп, бір кескен жөн». Мамандар да біздің пікірімізге қосылады. Несиемен соңына түскен халық кедейленіп барады. Тамақты қарызға ішеді. Азық-түлік, киімді де қарызға алады. Көп адам қымбат ресторандан ас ішіп, қымбат киім кигеннен қайтарып қарызды көп. Бұл дегеніміз – олардың сырты бүтін іші тұтып.

Тақырыптың тоқтауын айтсақ, біреуге «несие алма» деп айту оңай, әрине. Бірақ мұны да жаныярылық деп түсінген дұрыс. Несиемен еселеп қайтарып, әбрігерге түскеніне өзіндік отбасылық қаржыны үнемдеген беріп жатқан несиесінің өскенін көрсетеді. Яғни екінші деңгейлі банктердің халыққа беретін проценті өседі. Халыққа дәл қазіргі уақытта несие алған тиімсіз болып табылады. Сондықтан барынша ақша жинақтаған тиімді. Несие алар алдында кез келген азамат табысы мен шығындарын есептеу қажет. Алған қаржыны уа-

Айтолқын АЙТЖАНОВА

## ТАҒАЙЫНДАУ

### ҚАЛА ӘКІМІНДЕ ЖАҢА ОРЫНБАСАР

Қызылорда қаласы әкімінің оқимінен Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары лауазымына Қасымова Ақзира Бактыбайқызы тағайындалды.

Ақзира Бактыбайқызы 1979 жылы дүниеге келген. 2000 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің физика, қосымша математика пәндерінің мұғалімі, 2018 жылы Қаржы академиясын экономика және бизнес магистрі мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2000 жылы №15 Қызылорда қалалық гимназиясында физика пәнінің мұғалімі ретінде бастаған. 2008-2012 жылдары Қармақшы ауданындағы №185 орта мектептің директоры;

2012-2015 жылдары Қармақшы ауданындағы №250 мектеп-лицейдің директоры;

2015-2017 жылдары Қазалы ауданы білім бөлімінің басшысы;

2017-2020 жылдары Қызылорда облысының білім басқармасы басшысының орынбасары, басқарма басшысының уақытша міндетін атқарушы, Қызылорда қалалық білім бөлімінің басшысы;

2020 жылдың тамыз айынан бастап осы кезге дейін Қызылорда облысы білім басқармасының басшысы қызметін атқарып келді.

Ақзира Бактыбайқызы қаланың әлеуметтік, ішкі саясат, мәдениет және спорт салаларына жетекшілік ететін болады.



## ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұлағатты ұстаздың бірі – Лиза Салденқызы. Оның өнегелі өмір жолы көпке үлгі боларлық. Ол қырық жылға көпке бір салада табынды еңбек етіп, жүздеген шәкірт тәрбиелеген өнегелі өмір несі.

Лиза Ағытаева 1952 жылы Жалағаш ауданының Еңбек ауылында дүниеге келген. Өкесі Сәден Ағытайұлы Ұлы Отан соғысының ардагері. Майдан даласындағы даңқты ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз», II дәрежелі «Даңқ» орденімен нағралданды. Қарт жауынгер сұм соғыстың салдарынан бір аяғынан айырылды. Соған қарамастан елге оралысымен Жандария совхозындағы №2 кой фермасында жиырма жылға жуық ферма меңгерушісі болып еңбек етті. Жалғыз аяғымен жүрсе де ел ісін оңтайландыру жолында қажырлы еңбек етті. Бейбіт күндегі ерлікке пара-пар еңбегі ескеріліп, «Құрмет белгісі» орденімен және Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрсетіні алтын, күміс медальдарымен марапатталды. Ер еңбегін бағалаған елдегі ағайыны «Обкомның елдегі хатшысы» деп құрмет тұтты. Ал анасы Сауле Жәмилқызы еңбеккер кісі. Оның бойында анаға тән іңкәрлік пен ізгілік сезімі күнделі жарқырап тұрды.

Міне, осындай жақсы жандардан тәлім алған Лиза Салденқызы жастайынан қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысып, өзінен кейінгі тоғыз бауырына жәрдемдесіп өсті. 1969 жылы мектеп бітіріп, Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық институтының жаратылыстану факультетіне құжат тапсырып, аталған білім ордасын 1974 жылы география-биология мамандығы бойынша тәмамдады. Оқуын аяқтаған соң туған ауылы Еңбекке оралып, осындағы өзі білім алған №232 орта мектепте қызметін бастады.

Жас маманға мұғалімдікпен қатар мектептің тәрбие жұмысын үйлестіру міндеті жүктелді. Сонымен қатар комсомол ұйымының хатшысы қызметін қоса атқарды. Ол бұл жұмыстарының қайсысын болса да жоғары деңгейде атқарып, ұжымдастарының арасында беделі биіктей түседі. 1976 жылы ауданды

# ҰЛЫТАУ ҰЛЫЛАРҒА БОЛҒАН МЕКЕН, ЖЕР БАР МА, ТҮСІНГЕНГЕ СЕНЕН КӨРКЕМ

## ҰЛЫТАУ – ҰЛТ ҰЯСЫ

Жошы хан мен Домбауыл мерген кесенесінің арасы тым ұзақ та емес. Жергілікті жұрт екі араға кісі дауысы жетеді дейді. Біз Домбауыл кесенесінен соң кері бұрылып, Жошы хан мазарынан қайта өттік. Барар бағытымыз – Ұлытау. Жолбасшымыз – сол баяғы Сәтбаев қалалық «Шарайна» газетінің бұрынғы директоры Бауыржан Бірманов. Баукең өзен болмағанда Алаша ханның бұл маңнан алыс еместігін айтты.

– Негізгі Алаша хан кесенесі бұл маңнан тым қашық емес. Бірден баруға болатын еді. Бірақ қазір көктем мезгілі болғандықтан Кенгірдегі су да мол. Көлікпен өту қиын. Жаз айларында келсеңдер бірден баруға болатынын назарға аларсыздар, – деді жолбасшы.

Несін жасырамыз, Жошы хан мен Домбауыл баба кесенесінен ерекше әсер алдық. Журналистерден құралған топ ой үстінде келеді. Шамасы жолсапарды қалай жазамыз, қалай бас-таймыз деген ойда отырса керек. Микроавтобустың алдыңғы жағында отырған жүргізуші мен жолбасшы үздіксіз әңгімелесіп келеді. Көліктің тізгінін Зейнулла болса Ұлытаудың қаншалықты қашық екенін сұрап жатыр. Бұл сауал бәріміздің көкейімізде тұр еді. Баукең соны бірден түсінсе керек, келесі аялдамамыздың қашықтығы Сәтбаев қаласынан 110 шақырым алыс екенін жеткізді. Сол-ақ екен жүргізуші Зейнулла: «Жол қандай, жол?», – деді сұрағын жалғап. «Ө, жол ма, асфальтталған жол ғой», – деді жолбасшымыз. Осы жерде әңгімеге Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің бас редакторы Кенжетай Қайрақбаев араласып: «Тегіс пе, әлде ой-шұқыры көп пе?», – деп сұрады. Біздің ой-шұқырлы жолдан шаршағанымызды түсінген Бауыржан Бірманов: «Жүруге болады», – деп жауап қатты. Содан соң «Арасында аздап ой-шұқыры кездеседі» деді жай ғана жымиып.

Жолға байланысты әңгіме өрбігенде Баукең ағамыз осылай жауап берді. Зулап келе жатып қазақтың заңғар ұлы, академик Қаныш Сәтбаевтың есімімен аталатын қалаға да жеттік. Бізге жолбасшы болған Бауыржан ағамыз осы қалада тұрады екен. Баукең өзінің осы жерден қалып, бізді Ұлытаудан басқа кісінің күтіп алатынын айтты. Ары қарайғы жолбасшымыз сол болмақ.


Ертенгісін ерте қамданған соң межелеген орнымызға да жоспарлаған уақыттан бұрын жеттік. Ұлытау ауылы таудың ортасында орналасқан ұшмыңа жуық халқы бар елді мекен екен. Аудан орталығы да осы жер. Елді мекенге жетемін дегенше қасиетті Ұлытаудың қар басқан төбелерін тамашалап келеміз.

– Жігіттер, көрдіңдер ме, Құдайдың кереметі шексіз ғой, тау басында әлі қар жатыр. Ұзын сонар созылған тау бөктері бізді баурайына шақырып тұрғандай ма, қалай, – деді «Сыр медиа» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары Марат Аралбаев.

– Журналистердің арасында жүрген соң сіз де айтар сөзіңізді көркемдейтін болғаныңыз ба, Мәке? – деді мекемедегі әкімшілік бөлімінің басшысы Бақытжан Шайхназаров.

– Сынықтан басқаның бәрі жұғады деген осы, – деді облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабидинов.

Алыстан ұлт бірлігіне негізделген төрт босағалы стелла көрінді. Тау бөктеріне «Ұлытау – ұлт ұясы» деп жазылыпты. Таумен аттас аудан орталығына кіре берісте аға сұлтан болған Ерден Сандыбайұлының еңселі ескерткіші орнатылған. Қос қапталды жағалай орнатылған жарық бағаналарына осы жерден шыққан атақты адамдардың суреті салынған билбордтар ілінген. Олардың қатарында еліміздің денсаулық сақтау саласына сүбелі үлес қосқан ғалым, қазақстандық гигиенист-нутрициолог, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Кеңес одағының тұсында Қазақстанның денсаулық сақтау министрі болған Қазақ тағамтану академиясының президенті, Ресей Медицина Ғылым Академиясының және Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының академигі,



Алаша хан кесенесі

Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Алматы қаласының және Жезқазғанның Құрметті азаматы Төрегелді Шарманов бар. Сондай-ақ Қазақстанның Қорғаныс министрі болған армия генералы, халық қаһарманы Мұхтар Алтынбаевтың да суреті бейнеленген билборд тұр. Басқа да ел мақтаныштарының суреттері бар екенін айта кеткен ләзім. Бізді «Ұлытау» ұлттық тарихи және табиғи музей қызметкері Қуантай Бақытжанұлы Жабағин күтіп алды.

## ӘУЛИЕТАУ БАСЫНА ШЫҚҚАНДА

Біз іздеп келе жатқан Әулиетау Ұлытаудың ең биік шыңы екен. Бұл жерде кезінде 7 әулие болған деседі. Кеңес үкіметі орнағанша шың басында алыстан мен мұндайтын ақ түсті мөшті болғанға ұқсайды. Өкінішке орай бұл мөшті кенестік дәуірге бұзылған екен. Тіпті дала пайғамбары саналатын Заратуштраға осы таудың басындағы үңгірде Жаратушы тарапынан алғашқы аян келген деген де сөз бар. Түркі халықтары Заратуштраны Зердеш баба деп те атайды.

Сүт пісірім уақыт ішінде осындай мәліметтерді айтып үлгерген Қуантай быыл 40-тың қырақасына шығады екен. Ұзын бойлы ақсары жігіттің біз ойлағаннан да көп білетіні алғашқы сөзінен-ақ аңғарылды. Ауылдан қозы көш жер ұзамай жатып, діндеген жерімізге де жеттік. – Бұл – Әулиетаудың етегі, – деді Қуантай. – Көлікті осы жерге қойып, ары қарай жаяу көтерілеміз. Мүмкіндігінше артық, ауыр заттарды тастап кеткен жөн, – деген Қуантай Бақытжанұлы жол бастады. Бәріміз соның ізімен жүріп, айтқанын тындап келеміз. Алдымызда сарқырап, бұлқан-талқан болып тау өзені ағуда. Суы мөлдір әрі тұщы.

– Ұлытау – үш жүздің басын қосқан, татулықтың тірегі саналатын қасиетті өлке. Бұл жерде Алаша хан, Жошы хан, Домбауыл бабадан басқа да тарихи һәм киелі орындар аз емес. «Әулиетау», «Едіге шыны», «Алтын шоқы» сынды тарихи орындар сөзімізге дәлел бола алады. Жалпы Ұлытауда өсімдіктің 970 түрі бар. Соның 92 түрі емдік қасиетке ие. Олардың қатарында жусан, қаранды, арша, жалбыз секілді емдік қасиетке ие шөптер кездеседі. Сонымен бірге тырсық, боз бетеге, тарақ бидайығы, сирек бас жусан, қара жусан, сұр жусан, көклек, тұзды жерлерде сораның көптеген түрлері және өзен алқаптары мен көлдердің жағалауларында бидайық, ақмамықтың бірнеше түрі, ши мен су оты сияқты көпжылдық өсімдіктер де бар. Аймақтың өңтүстік-батысындағы шөлдерге қарағанда құмдарда өсімдік түрі көп. Ақ сексеуіл, құм қарағаны, жүзген, жыңғыл, жиде, тал, тобылғы секілді ағаштар мен бұталар, қияқ, өлен, құрақтай көпжылдық шөптер құмды өңірге тән өсімдіктер, – деді Қуантай.

Ол сөйлеп келеді біз тындап келеміз. Таудың етегінен басталған жүрдек жүрісіміз тікжарлы қатпардағы жалғыз аяқ жолға келгенде бәсеңдей бастады. Оның айтқан әр сөзін мұлт жібермей тындап келе жатқанымызбен бірге-бірте артынан еру, ізінен жүру қиындап барады. Тікжарлы жолмен көтеріліп, екі төбеден аспай жатып-ақ еңгіге бастады. Мүмкін, күнде тауға шығып жүрмегенімізден болар, әйтеуір жүрісімізден отырсымыз көп. Әр демалған сайын Қуантайды сөйлетіп, Ұлытау жайлы көбірек білуге тырысып бағудамыз.



Әулиетаудағы үңгір

– Ұлытау аймағын жүзден аса сүтқоректі, 250-ге жуық құс түрі мекендейді. Жер бедерінде табиғи тосқауыл болмағандықтан, жануарлар көршілес жатқан аймақтардан ауысып келе береді. Бұл маңнан бүркітті көптеп кездестіруге болады. Басқа да құстар жетіп артылады. Қасқыр, түлкі, қоян, киік, елік те табылады бұл мекеннен. Қаракенгір, Сарыкенгір, Кенгір, Сарысу, Бұлантай, Білеуіт, Жыланшық сынды өзендер бар, – деген Қуантай Жабағин аймақ тарихын әңгімелеуге көшті.

«Қазақстанның жалпы ұлттық нысандары» деген кітапта Ұлытау – Қазақстанның тарихи һәм географиялық орталығы, ежелгі қоныс, ескі жұрт етегі жазылған. Хан ордасы да осында орналасқан. Өмір Темір Тоқтамыс ханға қарсы жорық бастағанда осы өңірге атбасын тіреген. Қалың қол әскеріне Алтын шоқының басына тас үйдіріп, үлкен тақтай іспетті жалпақ пішінді тасқа арнайы жазу жаздырыпты. Бұл тасты кезінде бір қойшы байқап, оны Қаныш Сәтбаевқа көрсеткен. Қаныш Сәтбаев болса әлгі тастағы жазудың нендей мағына білдіретінін анықтау мақсатында мәскеулік ғалымдарға жіберген көрінеді. Артынша бұл тас «Эрмитажға» қойылған. Таста «Тарихтың жеті жүз тоқсан екінші қой жылы, жаздың ара (шілде) айы. Тұранның сұлтаны Темірбек жүз мың әскерімен Тоқтамыс ханға соғыспаққа жүреді. Бұл жерден өтіп бара жатып, белгі болсын деп осы жазуды қалдырды. Тәңірі нәсіп берсін. Иншалла, тәңірі бұл кісіге рақым қылып, барша адам есіне алып жүрсің» деген жазу бар. Ұлытау аспан астындағы мұражай іспеттес. Бұл жерде қазірдің өзінде сегіз жүзге тарта тарихи-мәдени ескерткіш бар екені белгілі болып отыр. Атақты Тоқтамыс пен Едігенің өзі осы жерге жерленген.

Ұлытау музейінің қызметкері осындай тарихи деректерді аңызбен сабақтастыра айтып келеді. Қанша жерден шаршасак та Қуантайдың әңгімесі қызықтырып барады. «Жігіттер, енді ана асудан ассақ, мына белден көтерілсек болды, Ұлытаудың ұшар басына шығамыз» деп қояды арасында. Алдымызда бізден әлдеқайда озып кеткен әріптестеріміз кетіп барады. Көзімді төменге салсам артымыздан ентелеп, жете алмай келе жатқандар да бар. Бәріміздің жүрісімізді бақылап келе жатқан Қуантай қак ортада келеді. Алдағыларды да, арттағыларды да назардан тыс қалдырмауға тырысып жүр. Шыңға шығар жолдың ортан бөлінен асқанда тынысымыз да ашылып, жүрісіміз де қалпына келді. Бағанағы шаршау, аяқ-қолдыңталғаны, бұынның ауырғаны бәрі ұмытылған. Құдды бір ештеңе болмағандай келе жатырмыз. Байқасақ, арттағылар бізге, біз алдағыларға жетіп алыпты. Қуантайдың айналасына бәріміз шоғырланып, айтқан әңгімесін тындап келеміз.

– Жалпы Ұлытау тауының ұзындығы 200 шақырымды құрайды. Біз бағындыруға бет алған Әулиетаудағы Ақмешіт шыны – осы таудың ең биік нүктесі. Оның биіктігі – 1333 метр. Біз соның шамамен 1000 метрін жүріп өттік. Анау жоғарыдағы үңгір бағаналы бері әңгіме арқауына айналдырып келе жатқан дала пайғамбары саналатын Зердеш бабаға ең алғаш аян берілген жер дейді. Түркілер Зердеш десе, басқалар Заратуштра деп атайды. Одан сәл жоғары көтерілсек Ақмешіт шыңына шығамыз. Шыңның айналасында жеті әулие жатыр, – деген Қуантай бізді үңгірге қарай бастады.

Біз үңгірді тамашалап, одан жеті әулиеге құран бағыштап, мамыражай мамыр келсе де ерімей жатқан тау

Шынында, біз тауға мініп-түсеміз дегенше екі сағаттан астам уақыт кетті. Тау етегіндегі өзен жанында түстеніп алған соң атбасын Алаша хан кесенесіне қарай бұрдық.

## АЛАША ХАН

Алаша хан кесенесіне бара жатқанда біздің жанымызда ешқандай жол көрсететін адам болмады. Бауыржан ағамыз Сәтбаевтан, Қуантай Ұлытаудан қалды. Бізге жолды нұсқап, Алаша хан кесенесіне қалай баратынымызды айтқан Қуантай еді.

Жалпы Алаша хан деген кім болған? Қай дәуірдің тұлғасы? Мұны ешкім деп басып айта алмайды. Ғалым Ақселеу Сейдімбек тарихта екі Алаша хан болған дейді. Ғалымның айтуынша, оның бірі осыдан 2-2,5 мың жыл бұрын өмір сүрсе, екіншісі XV ғасыр соңында өмір сүрген Сұлтан Ахмед хан. Кейбір ғалымдар Алаша ханды Шыңғыс хан деп те санайды. Ал тарих ғылымдарының докторы, профессор Жамбыл Артықбаев Алаша хан туралы арнайы зерттеу мақала жазып, қазақ баласының ұранына айналған Алаштың тамыры біз ойлағаннан да терең екенін жеткізеді. Тарихшы Қазақ хандығы құрылған тұста халықтың бірлігін көксеген ел ғұламалары қайтадан Алаша ханға жүгінгенін баяндайды. «Қазақ қауымының ішіне енген әртүрлі, әртекті рулар Алаша баласы болып, бірі ағалық, бірі інілік



Жеті әулие жатқан жер

басындағы қарды көрдік. Оның арасында «Нөгербектің» шатқалына барып, аңызға желіне тәнті болдық. Шамамен 100 қадам жерде Ақмешіт шыңы тұр. Басында біздің арамыздан бірінші болып көтерілген облыстық «Қызылордские вести» газетінің бас редакторы Жәнібек Исаев отыр.


Тау басына жерленген Мұрат ата, Тана ана, Гүлсара ана, Сапар әулие, Тұрсын бақсы, Ырза ана, Қали ата деп аталатын жеті әулие бар екен. Бұл әулиелерге Бакберген Аяшұлы деген кісі белгітас орнатқан. Жергілікті жұрт осы таудың басына шығып, тілеген тілек қабыл болады дейді. Сондай-ақ талай адам дертіне осы жерден шипа тауыпты. Тіпті нәресте сүйе алмай жүрген әйелдер де келеді екен.

Тау басында мәңгілік байыз тапқан жеті әулиеге құран бағыштаған соң біз де Әулиетаудың ұшар басына шықтық. Алдында «Сыр медиа» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары Марат Аралбаев пен әр сәтті фотоаппаратымен суретке түсірген Нұрболат Нұржаубай және оның сөмкесін арқалауға жәрдем берген облыстық «Сыр бойы» газетінің тілшісі Ержан Қожас келеді.

Бәріміз таудың ұшар басына шығып, суретке түстік. Төбемізді қалықтай ұшып бүркіт жүр. Қыранның бізді айналыштықтай ұшқаны жақсылыққа баладық. Құс патшасы біресе зенгір көкке көтеріліп, біресе төмен қарай құділай ұшып, бізді бақылап жүргендей көрінді. «Құдайдың құдіретін көргін келсе тауға бар деген» сөз бар қазақта. Ұлытаудың ұшар басына шығамыз деп ойладық па? Осы жерде тілеген тілек қабыл болады деп жатыр ғой, ең бастысы, еліміз аман, жеріміз бүтін, тәуелсіздігіміз мәңгі болсын, – деді облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабидинов. – Дұрыс айтасыз, аға! – деген Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің бас редакторы Кенжетай Қайрақбаев алғашқы жолбасшы болған Бауыржан Бірмановтың бұл тауға бірінші рет шығатындар үш сағат мініп, төрт сағат түсетінін айтқанын еске салып, бәрімізді қыран-топан күлкіге қарық қылды.



Жеті әулие жатқан жер



Таудағы өзен

жолмен туыстық жүйе құрады. Осы шешімнің белгісі ретінде Ұлытауда Қасым хан заманында Алаша ханға арналған кесене тұрғызылды. Бұл – қазақ халқының бірнеше мыңжылдық тарихындағы ең басты ескерткіші, бұл елдіктің, мемлекеттіліктің белгісі», – дейді Ж. Артықбаев.

Алаша хан хақында көбіміз білетін мына бір аңызда оны Бұқара ханның баласы деп суреттейді. Бұл аңыздың шығу тегі білмей болып келеді. Сол замандарда елге билік жүргізіп тұрған ханның кіші әйелі сауысканның алашындай ала ұл туыпты. Бәйбішесі ханға: «Бұл бала өскенде жұртты ала қылып ұстап, өңіре жау қылады екен, бұдан осы күнде құтыл!» деп кенес береді. Хан бәйбішесінің ақылына құлақ асып, қырық жігітке: «Бұл баланы мен жүрмейтін алыс шалғайға алып барып, асырап-сақтап өсіріңдер» деп, жұр аударып жіберіпті. Сол қырық жігіт баланы алып, Сырдариядан өтіп, Алаша мен Қаратаудан асып, аралық жерді жайлап, көшіп жүрген жұрттың ортасына келіпті. Бала 12 жасқа жеткен соң қырық жігіттен баланың ісі болмай, баламен қырық жігіттің ісі болмай бетімен кетіпті. Сол заманда ол елде Майқы деген би болыпты. Оның Үйсін деген ұлы аныштылықта бір баланы кездестіреді. Бала Үйсінге тіл қатып сөйлемепті. Үйсін ауылына келіп, әкесі Майқы биге ең далада бір бала көргенін, бірақ мылқау адамша ләм деп тіл қатпағанын мәлім етті. Содан Майқы би әлгі бала отырған жерге

барды. Үйсінге сөйлемеген бала: «Ассалаумағалайкум, тәмам ханның қазығы, пақыр жұрттың шірмейтін, таусылмайтын азығы» деп сәлем беріпті.

Көреген Майқы оның сәлемін қабыл алып: «Ағалейкум ассалам, құрсақта жатып несібесін алыстан тілеп туған балам. Боламын деп туған өр екенсің, болатын жеріне жете алмай тұр екенсің, кел, балам, қасыма мін» деп, баланы жанына отырғызып, ауылына алып келіпті. Үйінде қонақ етіп, ертесіне Үйсінді шақырып, жүз жігіт жолдас қосып: «Мына баланы алдарына салып, ту қылып ұстап, жаға қылып бастарына шанышып, Қаратаудан әрмен қарай асыңдар. «ШУ» деген, «Сарысу» деген екі өзен бар, соны кесе-көлденең басыңдар. Ұлытау, Кішітау деген тау бар, соның о жақ бұ жағында қара халық «Қатты Сыбан» деген жау бар және Есіл, Нұра деген екі өзеннің арасында Тоғанақтың тоқсан екі көлі бар, соның бойында он сан ноғай орманбеттің елі бар. Сол екі жұрттың аралық жеріне килігіндер, килігін тас түссе, таңдайыннан, алтын түссе, маңдайыннан, үш жылға бақ, талаптарыңды байқандар» дегі. Бұл сол жүргеннен жүріп, Қаракенгір, Сарыкенгір, Жездікенгір – үш Кеңгірдің бойына келіп, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен үш жылдың ішінде алдарына мал салып, үстеріне үй тігіп, өз алдына жұрт болады. Майқы би үш жылдан соң Ақсолды жүз жігітпен арттарынан жібереді. Ол да келіп бұларға қосылды. Оның артынан жүз жігітке бас болып, Алшын келеді. Олар сол баланы алашаға салып, хан көтереді. Сөйтіп оған Алаша деген есім беріледі. Бұл жар жауға шапқанда: «Алаш!» деп ұрандатып болған. Сонымен бірге келетін үш жүз жігіттен бүгінгі үш жүз өрбіген дейді аңыз сөзі.

...Сонымен Қуантай Бақытжанұлының нұсқаған жолымен заулап келеміз. Бұл жолы қай жолдан қалай бұрылатынымызды «Сыр медиа» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары Марат Аралбаев айтты


келеді. Рөдде сол баяғы Зейнулла. Жолда бір-екі рет Жұмабай өзенінің құярығына тоқтағанымыз болмаса аялдаған жеріміз аз. Қайта темір тұлпарымыз жүйіткіп, жүрген сайын жылдамдығына жылдамдық қосып келеді. Сәтбаев қаласына жетпей бұрылған біз Малшыбай ауылының жанында тұрған Алаша хан кесенесіне қарай бет алғанбыз.

Күн ұясына батар сәтте, ақшам намазының уақыты кірер кезде діндеген жерімізге де жеттік. Жолдың жиегіне «Алаша хан» кесенесі деген жазуы бар белгі орнатылыпты. Ана-дәйідан тарихи-мәдени ескерткіш көрінді. Хан ескерткішінің алдына оның аз-кем тарихынан мәлімет беретін тақтайша ілінген. Ондағы деректерде бұл ескерткіштің бірнеше рет жаңғырғанын реконструкциядан өткені жазылған. Бәріміз кесенеге барып, құран оқыдық. Содан кейін Алаша хан кесенесінің үстіңгі қабатына көтеріліп, ұлан байтақ далаға көз тіктік. Бұл билығы оразаның ең соңғы күні еді. Ұлытау жеріне сапарымыз осымен бітті. Бұл маңда біз бармаған әлі көптеген тарихи орын бар. Тәңір жарылқаса, сол тарихи мекендерге де баратын күн туар.

## Әзіз ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

Суреттерді түсірген  
**Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**  
Қызылорда-Жезқазған-  
Сәтбаев-Ұлытау-Қызылорда

Соңы. Басы өткен саяхаттар.



8 мамыр әлемдік кәсіпқой бокс саласында елеулі жаңалық болды. Бұл жаңалық қазақстандық бокс сүйер қауымды да айналып өтпеді. Өйткені бұған дейін Геннадий Головкиннің екінші жекпе-жекте жеңген Сауль Альварес ресейлік былғары қолғап шебері Дмитрий Биволдан жеңілді. Төрешілер 113:115 ұпай бойынша бірауыздан Биволды жеңімпаз деген шешім шығарды.

## GGG vs CANELO: ТРИЛОГИЯ ҚАШАН?

WBA Super жартылай ауыр салмақтағы әлем чемпионы Дмитрий Бивол мексикалық Сауль Альваресті жеңгеннен кейін промоутер Эдди Хирннен кешірім сұрады. Өз сөзінде боксшы қазақстандық Геннадий Головкинмен болуы керек трилогия жоспарын бұзғаны үшін кешірім сұрады. «Мен бүгін өз дивизиондағы ең мықты спортшы екенімді дәлелдегеніме қуаныштымын. Белділікті сақтап қалдым. Эдди Хирн, мен Головкинмен болатын трилогия жоспарыңызды бұзған шығармын. Кешіріңіз», – деді Бивол рингте.

Сонымен қатар бокс кешінен кейін промоутер Эдди Хирн алдағы уақыттағы жоспары туралы сөз қозғады. Оның сөзіне, Канело Биволмен өткізетін реваншына дейін әлі бір карьерасын қолғап түйістіре алады. Эдди ол карьерасын Головкин болуы мүмкін екенін де жоққа шығармады. «Головкинмен болатын жекпе-жек – елеулі оқиға. Сондай-ақ біз Биволдың командасымен келіссөз жүргізіп, оның алдағы жоспарын талқылауымыз керек. Канело да, Бивол да реваншка дейін бір аралық жекпе-жек өткізіп, содан кейін кездесуі мүмкін», – деді промоутер.

Ал журналистердің Сауль Альвареске «Сіз реваншка дейін қыркүйекте Головкинмен



жұдырықтасуыңыз мүмкін бе? Әлде Биволмен уақыт қажет бола ма?» деген сұрағына боксшы өтетін жекпе-жекке дайындалуға сізге ұзақ «Біз келесі жекпе-жектің кіммен болатынын

әлі шешкен жоқпыз. Жаңалық болса бірден сіздерге жеткіземіз», – деп жауап берді.

12 мамырда промоутер Эдди Хирн мексикалық былғары қолғап шебері Сауль «Канело» Альварестің спорттық карьерасы қалай жалғасатыны туралы болжам жасады. Оның айтуынша, Канелонның командасы реваншка дайын, бірақ оған дейін қазақстандық боксшымен бір жекпе-жек өткізуі мүмкін.

«Менің ойымша, Альварес алдымен Головкинмен қолғап түйістіреді. Содан соң Биволмен екінші рет жұдырықтасары. Оның командасы Дмитрийдің жеңетіндеріне сенімді. Сондықтан реванштың болатыны сөзсіз. Дегенмен екі ортада бір жекпе-жек өтуі мүмкін», – деді Эдди Хирн.

Ал GGG-дің экс-карьерасы Кертиес Стивенс Головкин мен Альварес арасындағы үшінші жекпе-жек желтоқсанда болуы мүмкін деп болжады. «Біз үшінші жекпе-жекті көргіміз келеді. Бірінші жекпе-жекте тең ойын болды, дұрыс па? Екінші рет Канело жеңді. Бізге үшінші жекпе-жек қажет. Қыркүйек айында ол Биволмен жұдырықтасары. Содан кейін желтоқсанда рингке оралып, Головкинмен қолғап түйістіреді», – деді ол.

## АРУЛАР ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА

Түркияның Стамбул қаласында қыздар арасындағы 2022 жылғы әлем чемпионаты өтуде. Айтулы додаға қатысушылар қатарында ұлттық құраманың абыройын қорғайтын боксшы аруларымыз да бар. Қазіргі күннің өзінде жекпе-жекте жеңіске жеткендер де жоқ емес.

Жарыстың алғашқы күні 2016 жылғы әлем чемпионатының жеңімпазы Валентина Хальзова шаршы алаңға шықты. 70 келіге дейінгі салмақта жұдырықтасатын ол Кения намысын қорғайтын Лорна Кус Симбимен кездесті. Қазақстандық спортшы бірінші раундта қарсыласын екі рет нокаудан жіберіп, нокаутпен жеңді. Осылайша ұлттық құрама жарысты сәтті бастады.

Тартысты доданың екінші күні де қазақстандық боксшысыз өтпеді. 48 келіге дейінгі салмақта ел намысын қорғайтын Алуа Балқыбекова өзінің 1/16 финалдағы алғашқы жекпе-жегін өткізді. Канадалық былғары қолғап шебері Диллон Прианкоммен кездескен ол жекпе-жекті сенімді өткізіп, төрешілер бірауыздан қазақстандықты жеңімпаз деп жариялады.



11 мамырда Түркиядағы Әлем чемпионатына 52 келі салмақ дәрежесінде жарыс жолына шыққан Жайна Шекербекова алғашқы жекпе-жегін Пуэрто-Риконның спортшысы Мелоди Варгасқа қарсы өткізіп, 5:0 есебімен жеңіске жетті. Сонымен қатар 57 келіде жұдырықтасатын боксшымыз Карина Йорганова 1/32 финалда румыниялық Клаудиа Нечитану 5:0 есебімен тізе бүктірді.

Үшінші күні жарыс жолынан шығып қалған спортшылар да бар. Оның ішінде 63 келі салмақта жұдырықтасқан Аида Әбікеева Алжир өкілі Емани Хеливке есе жіберсе, 75 келіде өнер көрсететін Надежда Рябец шаршы алаң қожайыны Исильдар Бурарадан жеңілді.

1/16 финалда сынга түскен Назым Қызыбай Рио олимпиадасының қола жүлдегері Ингрид Валенсиаға қарсы тартысты жекпе-жек өткізді. Өкінішке қарай, спортшымыз төрешілердің шешімі бойынша 2:3 есебімен колумбиялық боксшыға есе жіберді. Ал 54 келі салмақта өнер көрсететін Дина Жоламан 1/16 финалда жеңіске жетті. Испания елінің боксшысы Мария Мадүзмен кездескен ол қарсыласын 5:0 есебімен жеңді. 60 келі салмақта жұдырықтасатын боксшымыз Римма Волоосенко алғашқы жекпе-жегінде англиялық Шона Уайтуэлден 0:4 есебімен жеңіліп, жарысты аяқтады. Одан бөлек 66 келіде сынга түскен Дарига Шакимова өзбек боксшысы Навбахор Хамидовамен кездесуде 2:3 есебімен жеңіліп, жарыс жолын аяқтады.

## «ҚАЗАҚША СТИЛЬ»: ЖЕКПЕ-ЖЕК ЖАҚЫН

Кәсіпқой бокс саласында Қазақстанның көк туын желбіретіп жүрген тағы бір сандағмыз Жәнібек Әлімханұлы әлеуметтік желідегі парақшасында «Он күн қалды» деген жазба қалдырды. Бұл – оның 21 мамырда Лас-Вегаста өтетін жекпе-жегіне байланысты жарияланған жазбасы. Осы орайда қалың жұртқа «Қазақша стиль» атымен танылған Жәнібек Әлімханұлының жекпе-жек алдындағы жаңалықтарын ұсынуы жөн көрдік.

21 мамырда Лас-Вегаста қазақстандық боксшы орта салмақтағы WBO нұсқасы бойынша уақытша чемпион атағы үшін бұған дейін жеңілмеген британдық спортшы Дэни Дигуммен (14-0-1) жекпе-жек өткізеді. Өз кәсіпқой бокс карьерасында Жәнібек 11 жекпе-жек өткізіп, бірде-бір рет жеңілмегенін айта кеткен жөн.

Ал оның қарсыласы Дэни Дигумның промоутері желідегі жазбасында Дэни жекпе-жекке аттанғанын жазды. «Дэни Дигум Лас-Вегаста 21 мамырда өтетін жекпе-жегіне аттанды. Арман деген не? Ол бұрын-соңды болған ең жақсы физикалық және ақыл-ой формасы», – делінген промоутер жазбасында.

Естеріңізге сала кетсек, Жәнібек Әлімханұлы кәсіпқой бокстағы дебютін 23 жасында өткізді. 2016 жылы 29 қазанда Милтон Нуньеспен қолғап түйістіріп, техникалық нокаутпен жеңіске жеткен еді.



Кеше қызылордалық «Қайсар» футбол клубы Елордадағы «Астана арена» стадионында ел біріншілігінің 5-турында «Астана Жас» командасымен кездесті. Нұр-Сұлтанда өткен ойын 1:1 есебімен аяқталып, екі команда тең түсті.



Ойынның бесінші минутында айып алаңында ойын тәртібі бұзылып, «Қайсар» қақпасына 11 метрлік айып соққысы белгіленді. Алғашқы соққыны қақпашы, команда капитаны Нұрымжан Салайдин қайтарды. Алайда алаң жиегіндегі төреші Нұрымжан қақпадан ерте шықты деп, екінші рет айып соққысы белгіленді. Екінші рет тағайындалған пенальтиде «Астана жас» командасының капитаны, 89 нөмірлі ойыншы Бауыржан Ахаев мұлт кетпей, қасқырлардың қақпасына гол соқты. Араға көп уақыт салмай 13 минутта «Қайсар»

## «ҚАЙСАР» ЕЛОРДАДА ТЕҢ ОЙЫН КӨРСЕТТІ



командасының 73 нөмірлі жартылай қорғаушысы Дидар Жалмұқан Мағжан Бауыржанның асырған пасын ұтымды пайдаланып, жауап голын соқты.

Саят Сулықанов бас төрелік еткен Қазақстан I лигасының 5-турындағы ойын тең дәрежеде өтті. Енді «Қайсар» футболшылары 22 мамырда өз алаңында I лиганың 6-туры аясында «Окжетпесті» қабылдайды.



Бетті дайындаған Аслан ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009) Кабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Апталығы 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қызметкерлерімен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4261

Тансырыс №758

Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ



## COVID-19 СОЛТҮСТІК КОРЕЯҒА ДА ЖЕТТІ

Солтүстік Кореяның мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары ел ішінде коронавируспен іледі тарағанын хабарлады. Жергілікті БАҚ-тың хабарлауынша, бүгінгі күнде 350 мыңнан астам адамнан белгісіз вирус анықталып, 6 адам Covid-19 індетінен қайтыс болған. Бұл «оқшауланған» және тұрмысы төмен елге үлкен қауіп төндіріп тұр. Індеттің таралуы туралы CNN арнасының тілшілері Гавон Бэ және Хелен Риган «Қауіпті вирустық кезеңде» Солтүстік Корея коронавирустан көз жұмғандар бар екенін хабарлады» атты мақаласында жазды.



Вирустан көз жұмғандар туралы хабарландыру елде коронавирустың алғашқы жағдайы туындағанын мәлімдегеннен кейінгі тәулікте айтылды. Солтүстік Корея бұл індетті «ауыр ұлттық төтенше жағдай» деп атады.

«KCNA» атты мемлекеттік БАҚ бейсенбіде ел ішінде 18 мың коронавируспен жұқтырғандар анықталғанын және оның ішінде 6 науқас көз жұмғанын хабарлады. Көз жұмғандар коронавирустың омикрон штаммын жұқтырған деген болжам бар. Дегенмен Солтүстік Корея кей адамдардың басқа аурудан көз жұмуы мүмкін екенін, дағдарыс әсерінен тестілеу мүмкіндігі қиындағанын алға тартуда.

«Қайдан тарағанын әлі анықтау мүмкін болмаған вирус ел ішінде сәуір айының соңынан бері таралды. Бүгінгі күннің өзінде вирус жұқтырған 187 800-ге жуық адам оқшауланған», – деп жазды мемлекеттік баспасы.

Арна тілшісі Covid-19 вирусының таралуы Солтүстік Кореяны тығыздыққа тіреуі мүмкін деп болжауда. Себебі елдегі медицина саласы қатты дамымағандықтан таралуы тез, емделуі қиын науқастарды аурудан айықтыру оңай болмайды. Оның үстіне Солтүстік Корея эпидемия кезінде вирусқа қарсы ешбір вакцинаны сатып алмады.

Бұған дейін аталған ел коронавирустың таралмағанын алға тартып, елде вирус жұқтырғандар жоқ екенін айтқан болатын. Десе де күллі әлемді жаулаған вирустың 25 млн халқы бар елді айналып өткеніне көпшілік күмәнмен қараған еді.

«Солтүстік Корея көшбасшысы Ким Чен Ын бейсенбіде төтенше жағдайлардың алдын алу штабына барып, індеттің таралуы елдің денсаулық сақтау жүйесінде «осал нүкте» бар екенін білдіретінін айтты», – деп жазды KCNA.

«Бұл қоғамдық денсаулық сақтау дағдарысын дереу қалпына келтіру үшін біздің партияның алдында тұрған ең маңызды және ең басты міндет», – деді Ким Чен Ын.

Көшбасшының штаба сапарынан кейін ел ішіндегі барлық қалалар жабылып, вирустың қандай да бір белгісі бар адамдарға жаппай оқшаулану бұйрығы берілген. Одан бөлек Қытай бейсенбіде Солтүстік Кореяға вируспен күресте көмектесуге дайын екенін мәлімдеді.

2020 жылдың қаңтарынан бастап Солтүстік Кореяның шекаралары Бейжімнен саудаға әсер еткеніне қарамастан, вирустың таралуын болдырмау мақсатында жабылды. Ел мұндай қадамды өз халқын індеттен сақтау үшін жасаған еді.

Қытай сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Чжао Лицзянь өткізген брифингте: «Көршілер және достар ретінде Қытай КХДР-ға індетпен күресуде жан-жақты қолдау көрсетуге дайын», – деді. Сондай-ақ Қытай індетпен күресіп жатқандықтан елдің Ұлттық иммиграциялық басқармасы Солтүстік Кореямен шектестің Цицилин провинциясын кезінде медициналық тексеруді күшейтуге шақырды.

Солтүстік Корея Covid-19 вакцинасының ғаламдық алмасуға бағытталған Covax бағдарламасына қатысқанымен вирусқа қарсы вакцина алмаған. Ал ақпанда Covax Солтүстік Корея жеткізу қызметінің ұйымдастыра алмағандықтан оларға бөлінген вакцина санын азайтқан еді.

Солтүстік Корея халқының көпшілігі вакцинабаған, тестілеу мүмкіндігі шектеулі, медициналық инфрақұрылымы әлсіз және сыртқы әлемнен оқшауланғандықтан елдегі індет көп өлімге әкелуі мүмкін.

Түнінұсқадан аударылып, шолу жасаған А.НУРАЗҒАЛИ